

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Кебін киіп, кеудесін оққа тосқан батырлар



Кезінде «Бай-құлақтар мен дін басыларының Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтерілісі» ретінде насихатталып келген 1930 жылғы ақпанның 7-16 аралығында болған Созақ қасыретінде халықтың қаны қисапсыз төгіліп, бейбіт ел азабын тартқан еді.

«Асыра сілтеу болмасын, ашатұяқ қалмасын!»

Созақ көтерілісі – отызыншы жылдың басында Қазақстанның түкпір-түкпірінде бой көтерген халық наразылығының ең үлкені, адам көп шығынға ұшыраған қызыл қырғын. Бұл зобалаң, нәубеттің шығу себебі – «Қазақстанда көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу туралы» Қазақ АССР Халық комиссарлар кеңесінің 1928 жылғы 3 қыркүйектегі қаулысымен Созақ ауданы өз алдына шаңырақ көтерді. Бұрын Сырдария губерниясының Түркістан уезінің қарамағында болып келген алты болыс елде сол жылы түтін саны 12 мыңнан асқанын, халықтың қолында бір миллионға жуық қой-ешкі болғанын тарихи құжаттар дәлелдейді. 1928 жылы қараша айында БКП(б) Орталық комитетінің пленумында шаруаларды еріксіз тездетіп ұжымдастыру мәселесі күн тәртібіне қойылып, бұл жөнінде арнайы қаулы қабылданды. Қазақ өлкелік партия комитетіне 1925-1931 жылдары жетекшілік еткен Ф.Голощекин елді «мейлінше қысқа мерзім ішінде отырықшылыққа көшіруді бұйырады». Міне, осыдан барып, жаппай басталған колхоздастыру ісінде бұрмалаушылық, асырасілтеушілік жер-жердегі сияқты Созақ ауданында да орын алды. «Асыра сілтеу болмасын, ашатұяқ қалмасын!» деген ұранды бетке ұстағандар ұжымдастырудың лениндік принципін өрескел бұзып, халықтың қолындағы сауын және ұсақ малын сыпырып алып, ортақтастыруға салды. Созақ аудандық партия комитетінің пленумы шақырылып, колхоздастыру ісінің алда тұрған шұғыл міндеттері талқыланды. Ауданның жергілікті ерекшелігін ескермеуден, елдің бәрін теңгермеушіліктен жаппай асырасілтеушілік орын алды. Ұжымдастырудың салқыны бейбіт елге ауыр тиді. Ұжымшарға күштеп енгізілгендер тақыр кедейшілікке ұшырап, аштықтың зардабын тартты. Ауылшаруашылық салығын төлей алмағандардың мал-мүлкі тәркіленіп, Созақтың абақтысына жабылды. Бұдан бөлек, жергілікті билік орындары шығарған «қатық», «отын», «мүйіз» салығы да болған. Биліктің қолдауына ие болған жергілікті сауатсыз шолақ белсенділер тарапынан жастарды «Қызыл отауға» күштеп алып бару, қыз-қырқын, келіншектерге көз салу, зорлық-зомбылық жасау сияқты өрескел істер де орын алды.

Құдайсыздарға қарсы қарулы жорық

Ауыл-ауылдан «Колхозға бірікпейміз!» деген наразылық сөздер естіле бастады. Он екінші ауылда биліктен, шолақ белсенділерден зәбір-жапа көргендер бас қосып, зорлық-зомбылыққа қарсы бірігуге, наразылық білдіруге сөз байласты. Кеңес өкіметінің солақай саясатына қарсы шығып, елді біріктіруге басшылық жасаған намысқой азаматтар болды. Ауыл-ауылға кісі жіберіп, билік басындағы тізесін батырғандарға қарсы тұрудың амал-айласын ойластыра бастады. Мойынқұмды қыстап отырған ауылдарда бас қосып, кеңес құрды. Жергілікті билік орындарымен бейбіт келісімге келу жөніндегі әрекеттерінен еш нәтиже шықпады. Езілген халық бас көтерерлерінің кезекті жиынында Сұлтанбек Шалақұлын басшы етіп сайлады. Оның қасындағы имамдыққа – Ыбырайымұлы Асадулла, бас уәзірлікке – Шылманбетұлы Сағындық, қазылыққа – Әліпбайұлы Иманбек, бас сардарлыққа – атақты мерген Аралбайұлы Салықбай, өзге де сенімді адамдарды бекітті. «Халықтың жаппай наразылығы көрші Сарысу, Түркістан, Қызылорда, өзге де жерде бір мезгілде бой көтереді» деген алдын ала келісім болып, ол жақтағылармен де байланыс орнатылды. Сұлтанбек бастаған топ көтеріліске алдын ала дайындық жасады. Ауыл-ауылдан жасақ дайындалып, қолға іліккен айыр, орақ, найза, балта, ішінара шиті мылтықпен қаруланды, ат-түйемен қамтылды. Арадан шыққан кеңесші-үгітшілері арқылы ислам дінін уағыздап, Алла тағаланың ақ жолын діннен безгендерден қорғауға үндеді. Ақпанның ақшұнақ аязында қасиетті Рамазан айының соңғы күні, ораза айттың алғашқы жұмасында таң намазынан соң бес жүзден астам халық жасақшысы қолына ақ ту алып, «Алла! Алла!» деп ұран тастап, Созақ қыстағына қарай қаптады. Көтерілістің «Аллаһу» деп аталуында да осындай сыр жатса керек. Жылы киімінің ішінен денесін кебінмен орап, ақ өлімге бас тігіп шыққан естияр жандар да болды. Сол кезде алдын ала уағда бойынша Мойынқұмның өзге өңірінен, тау жақтан, Созақ қыстағының өзінен биліктегілер мен шолақ белсенділерге өшігіп жүргендер қосылып, көше-көше адамға толып кетті. Бас

көтергендер алғашқы екпінмен аудан, мекеме басшыларын, милиция қызметкерлерін – барлығы он сегіз адамды, қолға түсіріп, азаптады. Қарапайым халық өкілдері оларды таспен, күрекпен соғып, тепкілеп өлтірді. Аязды күні шаштарын ұстарамен алды. Кеңселердегі барлық қағазды өртеді. Қойма, дүкендегі дүние-мүлік, азық-түлікті талап алып, милиция бөлімі мен әскери комиссариаттағы қаруды қолға түсірді. Қыстақты басып алған Сұлтанбек ханның штабы ақпанның 7-16-сы аралығында жұмыс істеп, жалпы саны 2384 сарбазды біріктірді деген дерек бар. Суық қару дайындайтын ұстахана ашып, оқ-дәрімен атылатын мылтықтарды жөндеген. Бұл қанды оқиғаның ізін суытпай жазалаушы отрядтың келіп жететінін көтерілісшілер алдын ала болжай білді. Қарулы отрядтан қорғану мақсатында Қаратаудың «Суындық» және «Балықшы» асуына бекініс орнатты. Осы «Балықшы» асуында Салықбайдың мергендер тобы қызыл әскермен атысып, біразын шығынға ұшыратып, қалғанын кері шегіндірді. Сұлтанбек хан сарбаздарымен «Қоғашықта» Түркістаннан шыққан Исаевтың отрядымен кездесті. Отряд тау-тасқа бекініп алған сарбаздарды оңай ала алмады. Исаевтың әскеріне Қызылордадан Поляковтың, Ташкенттегі әскери училищеден Малышев бастаған 500 курсант төрт зеңбірегімен, Алматыдан Ақаевтың кавалерлер эскадроны келіп қосылды. Мәскеуден шыққан бронды пойыз Жаңақорғанға келіп аялдады. Шымкенттен Андреев басқарған, мықты әскери дайындықтан өткен, пулемет, зеңбірекпен қаруланған отряд қарулы күшке келіп қосылып, шоқпар, айыр, шиті мылтықпен қаруланған дала қазақтарын ә дегеннен тықсырып тастады. Қаратаудың етегіндегі «Тамашейт» деген жер атауы сол қанды қырғыннан қалған. Шешуші шайқас Созақ қыстағының «Жаңа базар» төңірегінде өтті. Бақайшығына дейін мұздай қаруланған қызыл отряд жасақтың соңғы тобын жан-жақтан қоршап алып, көзін жояды. Осы қырғын шайқаста көтеріліс басшыларының дені оққа ұшты. Дем берушілерінен айырылған жасақ бораған оққа табандап қарсы тұра алмай, жеңіліске ұшырады. «Созақ ауданында 12–16-ақпан аралығында болған соғыста 126 бандит, 16 ақпандағы Созақ қыстағы үшін болған шайқаста 200 белсенді бандит табанда атылды. Қолға түскен және оперативті іс-шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде бандиттері, дем берушілері, үгітшілері, сондай-ақ барлаушылары бар 389 адам тұтқындалды. Бандыны жою барысында хан және оның ұйтқысы болған орталығы талқандалды. Созақ операциясының нәтижесінде 290 ат, 20 түйе, 150-дей оқ-дәрімен атылатын қару, 100-шақты суық қару қолға түсті» деп жазылған тарихи құжатта. Ал шынтуайтында оққа ұшып, ажал құшқандар саны бұдан әлдеқайда көп еді. Көтерілістің негізгі ошағын талқандаған соң, жазалаушы отряд күдікті дегеннің бәрін қолға түсіріп, табан астында атып тастай берді. Жазалаушы отряд алғашқы қақтығыста өлтірілген аудан прокурорының әр жасына 41 адамды қатар қойып, атып тастайды. Бір оқ қанша адамның денесінен тесіп өтетінін байқау үшін қатар қойып, сынап та көреді. Орталық мешіттің төрт жақ терезесінен пулемет орнатып қойып, жұма намазға жиылған елді үлкен-кіші демей жусатып салады. Көше кезіп, тінтілеп жүріп күдікті дегеннің бәрін аяусыз атып тастайды. Басы қосылып отырған жандарды күдікті ретінде дуалға қатар қойып ата берген. Өліктерді бірінің үстіне бірін тастаған құдықтың орнында белгі де бар. Ақпанның аязды күні көшеде қызыл қанға бөккен өлікті ат арбаға тиеп, қыстақтың шетіндегі «Тастақсайға» алып барып, тік жардан тастай салады. Салықбай бастаған аз ғана мергендер тобы Бетпақдалада қолға түседі. Қашып жүріп, ұрыс салып, біраз әскер мен милиция қызметкерін оққа ұшырғанымен «Салықбай мергенді жасырып жүрсіндер!» деп, бейкүнә халықты атып-шауып, қыспаққа ала берген соң мергендер өз еркімен беріледі. Салықбай мергенді Шымкентке алып келіп, он жылға кесіп, Сібірге жер аударады. Ит тұмсығы батпайтын Байкалдың қалың орманы ішінде кеңестер елінің түкпір-түкпірінен ауыр сот кесімін арқалап келген сан мыңдаған жанның қатарында канал қазудың ауыр қара жұмысына жегіледі. Құралайды көзге атқан мергендігінің арқасында Салықбай ауыр қара жұмыстан босатылып, орман ішінен аң атып, асхананы етпен қамтамасыз етіп тұрады. «Беломор – Балтық» каналының құрылысы аяқталып, іске қосылған кезде Сталиннің өзі келіп, Кеңес одағы орталық атқару комитетінің арнайы қаулысы бойынша

алпыс мың адамның жазасын өтеу мерзімі қысқартылады. Салықбай мерген де кесімді жазасын алты жылда мерзімінен бұрын өтеп, «Беломор – Балтық каналы құрылысына белсене қатысқаны үшін» медалін төсіне тағып, туған елі – Созаққа қайтып оралады. Аудан орталығы – Шолаққорғанның іргесіндегі «Жеткіншек» елді мекенінде колхоз бақшасына қарауыл болып жүргенде 1937 жылы аудандық ішкі істер бөлімінде істейтін туысқаны – милиция қызметкері ауыл маңындағы қалың шидің арасына алып барып атып тастайды. Содан Салықбай мергеннің сүйегінің қайда жатқаны да белгісіз болып қалады. Мергеннің әйелі Ұлбала егіз ұл тапқанымен олар шешектен қайтыс болып кетеді. 1947 жылы «Халық жауының» әйелі колхозда еңбек құнын таппады» деген жаламен Ұлбала да шалғайдағы Еврей автономиялы облысының орталығы – Барибожан қаласына жер аударылады. Сөйтіп Ұлбаланың да сүйегі жат елде қалып қояды. Осылайша бір шаңырақ иелері із-түзсіз кетіп, соңынан ұрпақ қалмады.

*«Хан сайладық қарадан,
Аз гана үйлі тамадан.
Келбеті нұрдан жаралған,
Шалақұлы Сұлтанбек,
Хан болып шықты арадан.
Көтерген кезде ұранды,
Ағылып келді қаладан.
Қоңырат туыс қосылды,
Көмекке келіп даладан...
Жұма күні қонаға,
Созақты сарбаз қамаған...
Қыстақты барып басқанда,
Төрт жүз отыз бір адам,
Іс қылды келмес шамадан.
Шейіттіктен дәме етіп,
Өліп те кетті көп адам.
Дәу мылтықтан доп түсіп,
Жай оғындай от түсіп,
Айырылды жұрт панадан.
Көшеде жатты шашылып,
Қан-жынымен сан адам.
Арманда кетті-ау жайсаңдар,
Айырылып бала-шағадан.
Осы бір қайғы кетпейді.
Күйік болып санадан» –*

деген жыр жолдарынан Созақ көтерілісінің қандай қасірет-қайғымен аяқталғанын аңғаруға болады.

Созақтағы жазалау лагері

Көтерілістен кейін де оған қатысқандардың жақын-туыстарын, күдіктілерді тұтқынға алу, тергеусіз атып тастау ұзаққа созылады. Еркіндікті аңсаған бейкүнә халықтың наразылығы қанды қырғынға, жаппай жазалауға ұшыраған соң, аман қалғандары бас сауғалап, жан-жаққа тарыдай шашылып қашты. Қысқы аязда, жазғы шілдеде тау-таста, құмда аштыққа ұшырағандар қынадай қырылып жатты. «Кіші Октябрьден» тоз-тозы шыққан ел «Ақтабан шұбырындыға» ұшырап, тау асуынан аман өткендері Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстанға қарай үдере қашты. Сол қанды көтерілістен басталған 1931-1933 жылғы ашаршылықта Созақ елінің тең жартысы туған мекенін тастап кетті. Аудандық есеп-санақ мекемесінің мәліметінде 1930 жылдың 1 қаңтарында ауданда 12 мың түтін болса, 1935 жылдың 1 қаңтарында 2915 үй ғана қалғаны көрсетілген. 1928 жылғы аудандағы бір миллион қойдан 7772 басы ғана қалады. Халық сенген партияның қолдан жасаған ашаршылық жылдары аудан халқының тең жартысы қуғын-сүргінде

жүріп ажал құшты. 1930-1931 жылдары Созақ қыстағына таяу «Дуана» деген жерде көтеріліске қатысқандардың жақындарын қамауда ұстаған жазалау лагері жұмыс істеді. Ұзына бойы атшаптырым алқапқа орналасқан күркешіктер орны әлі күнге сақталған. Жазалаушылар тұтқындарға белуардан жер қаздырып, төбесін жаптырып, тар қапаста тұруға мәжбүрлеген. Қақаған аязда, аптап ыстықта көп адам жазалау лагерінде өліп кетеді.

*«Бухенвальды Созақтың,
Болған еді «Дуана».
Ор мен торы азаптың,
Толған екен «Дуана»...
Шындыққа барар жолдарға,
Қауіппенен қарадық.
Құламай тұрған торларға,
Совхоз малын қамадық...
Қанды орға Хрушев тұсында,
Жүгері сүрлем сақтадық»*

– деп ақын Бөрғазының Өскені жырлағандай, сол ата-бабаларымыздың қаны төгілген қаралы аймақ өрістегі малдың тұяғына басылып, қоршалмастан, белгі де қойылмастан ескерусіз қалып қойған. Өзге елдерде мұндай қанды аймақтар ерлікке тағзым етер тарихи орындар ретінде күтімге алынып, сақталып қалған.

Өкінішке қарай, әлі күнге 1930 жылғы ақпандағы еліміздің Тәуелсіздігі мен еркіндігі жолында көп адамның өмірін қиған Қазақстандағы ең ірі халық наразылығы – Созақ көтерілісі егжей-тегжейлі зерттеліп, тарихтан өзінің түкпілікті бағасын алған жоқ. Созақ көтерілісінен кейін партия үшін бұл шалғай аудан 70 жыл бойы жабық аймаққа айналды. Сырдария округтік партия комитеті «Созақ, Сарысу көтерілісінің сабақтары және алдағы тұрған міндеттер» атты қаулы қабылдайды. Тағдыры ауыр ауданды басқаруға басшы маман 70 жыл бойы сырттан жіберілді. Ауданнан өсіп шыққан бірде-бір кадр өзге жерге жауапты басшылық қызметке жоғарыламады.

Шындықты шідерлеп тұра алмайсың

1990 жылдың мамыр айында Созақ аудандық тарихи-ағарту ерікті «Әділет» қоғамының алғашқы басқарма жиынында ұзақ жылдар облыстық партия активінде басшылық қызмет атқарған қаламгер әрі сазгер Мұхамеджан Рүстемов сол кездегі саясаттың, қатаң жүйенің көбесі сөгілмей тұрған кездің өзінде Созақ көтерілісіне әділетті баға беру туралы бастама көтереді. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Досыбай Шерімқұлов қолдау көрсеткен Созақ аудандық тарихи-ағарту ерікті қоғамның басқарма жиыны: «1930 жылы ақпанда Созақ ауданында болған халық қозғалысына «алашордашылардың, байлар мен ишандардың басшылығымен Кеңес өкіметіне қарсы ұйымдастырылған контрреволюциялық қарулы көтеріліс» деген баға әділетсіз, нақақтан-нақақ қазақ халқына жабылған жала деп есептеліп, ол алдағы кезде тарихи құжаттарда Ф.Голощекиннің Қазақстан ауылдарында өткізілген «Кіші Октябрь» саясатының «мейлінше қысқа мерзімде отырықшылыққа көшіру» бұйрығын орындаудың зардабынан елге жасалған озбырлықтан, зорлық-зомбылықтан, қиянаттан, аштықтан шыққан ашынған халықтың қозғалысы» деп тұжырымдалсын» деген қаулы қабылдады. Ақиқат сөздің тығыны ағытылған соң мінбеге кезек көтеріліп, ұзақ жыл көкейлерінде беріш болып қатқан мұң-шерлерін ортаға салып, көздеріне жас алған қарттар бұл күнде жарық дүниеде жоқ. 2000 жылы ауданда Созақ көтерілісінің 70 жылдығын атап өту жөнінде комиссия құрылып, арнайы қор да ашылып, біраз шаруаларды қолға алу жоспарланған болатын. Шолаққорған ауылында көтеріліс басшысы Сұлтанбек Ша-лақовтың есімі берілген көшеге мемориалдық тақта орнату рәсімі болды. Созақ ауылында «Созақ көтерілісіне 70 жыл атындағы көше» атауы берілді. Көтеріліс құрбандарының аруағына құран бағышталды. Осында келешекте көтеріліс құрбандарына орнатылатын ескерткіштің тұғыры да құйылды. Ескерткіш жобасын жасауға байқау да жарияланған бо-

латын. Шейіт кеткен ата-баба аруағын құрмет тұту мақсатында еңселі мұнара мен көтеріліс басшысы Сұлтанбек Шалақовқа ескерткіш орнатуға құлшыныс білдірген, жалпы осы шаруаның басы-қасында жүрген азаматтардың аты-жөндері де сол жылдары тағдыры ауыр ауданда журналист болып қызмет атқарып жүрген кезімде қойын дәптеріме жазылып қалыпты. Бірақ ел күткен сол мұнара белгі де, ескерткіш те әлі күнге бой көтермеді. Созақ көтерілісінің бас сардары болған, атақты мерген Салықбай Аралбаев өмір сүріп, еңбек еткен, отыз жетінші жылы атылып кеткен «Жеткіншек» елді мекеніне есімін беру туралы тұрғындардың да өтініш-тілегі орындалмай келеді. Тарихтағы шындық оқиғаға қиянат жасалмасын десек, Шымкенттің Орталық саябағындағы Оңтүстік өлкесіндегі айтулы оқиға – Созақ көтерілісінде елінің тәуелсіздігі мен бостандығы жолында оққа ұшқан, сол кездегі саясат құрбандары болған қызыл әскер жауынгерлері жерленген ескерткіш орнына Салықбай мергеннің немесе халық батырларының қолына қару алып, елі мен жерін қорғауға тастүйін бекініп тұрған жиынтық бейнесін орнату керек. Созақ көтерілісінің басқарушы ұйымы, штабы, ақ ту көтеріп, «Аллаһулап» ұран тастауы, қарабайыр қару дайындайтын орнының болуы, оған қатысушылардың алдын ала бас қосып, кеңесуі бұл халықтық толқудың тосыннан болған стихиялы қимыл-әрекеті деп қарауға жатпайтын ірі тарихи оқиға екенін дәлелдесе керек. Көтеріліске үш жүздің адамдары, өзге де ұлт өкілдерінің қатысуы жалпыхалықтық сипат алды. Отызыншы жылғы қазақ тарихындағы ақтандақ оқиғаның бірі де бірегейі – Созақ көтерілісінің биылғы 90 жылдық қаралы датасы ескерусіз қалмауы тиіс.

Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ

Қазақстанның құрметті журналисі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты